

1942 жылдың 19 желтоқсанында Ростов облысы Боковская станицасының Коньки хуторының маңында (Сталинград бағыты) қайталанбас ерлік жәп, біздің өлкеде Кенес Одағының Батыры атағын тұңғыш жәленген аты аңыз жерлесіміз, ұшқыш-штурмавик Нүркен Әбдіровтың есімі баршаға аян.

Қарағандылық мүдіншілер Ю.В.Гуммель мен А.П.Билик ерлік рухының айқын көрінсін, яғни батырдың Отан үшін ажалға бас тіккен қаһарман қалпын ескерткіш түрінде әсерлі сомдады. Ескерткіш Қарағандының Нүркен атындағы данғылына орнатылды.

Кейде батырды сондай орасан ерлікке жетелеген рух күші, қас-қақым сәтте бел буған төуекел шішімі таңданбасына да, ойланбасына да қоймайды.

Батыр жайлы жарияланған көптеген мақалалар мен шығармалардан, мұражай материалдарынан байқауымызша, оның мінез-кұлқы мен жүріс-тұрысында ешкімнен ерек тұратындай бөлек қылығы болмапты...

Нүркен 1919 жылы №5 ауылда (қазір Нүркен Әбдіров атындағы) малшының отбасында дүниеге келген. Алғыр ба а кішкентайынан-ақ ата-анасын мектептегі оқуына зепіпмен, шаруаға пысықтықпен қуанталады. Жастайынан алас көкжиектерге көңілі ауып, баянды болашақты аңсаған бозбала көп ұзамай Қарағандыға келіп, №1 шахтаға жұмысқа орналасады. Араға аз ғана уақыт салып, еті тірі елгезек жігіт осындағы комсомол ұйымының хатшысы болып сайланады. 1938 жылдың көктемінде Қарағандыда ашылған авиаклубқа оқуға түсіп, курсант атанады. Қарағандыға Нүркеннің ата-анасы Әбдір ақсақал мен Бағжан анай да көшіп келеді.

1940 жылы Нүркен Қызыл Армия қатарына шақырылады. 1942 жылы Орынбор авиачуилищесін бітірген соң Ташкенттегі әуе атқыштарының мектебіне жіберіледі. Бұдан кейін Сібірдің бір қаласындағы ұшқыштар училищесінде ұшқыш-штурмавиктердің жеделдетілген оқу бағдарламасын ойдағыдай игеріп, 267 авиациялық дивизияның 808-ші штурмовик полкінің құрамында майданға аттанады.

Өзі орындаған 16 әскери тапсырмасында Нүркен жаудың қаншама әскерін, танктерін, машиналарын, қару-жарақ қоймаларын, жанармай қорын жойып жіберді. Шиеленіскен ұрыстарда әуе күштері ауадай қажет еді...

Он жетінші тапсырмасын алған түні Нүркен кірпік қақпады. Өдеттегіден бөлек әуеленген әлдебір сезім, Отанға деген махаббат, анасын, туған-туыстарын сағынтып, қыр-



ҚЫРАН МІНЕЗ ҚЫР БАЛАСЫ

сатқан алаң көңілі қиялын түү алыстарға жетелей берді...

«...Шығынсыз соғыс болмайды. Егер жаудың қанғырған қорғасын оғы өмірімді қиып, ажал сағатым соғып жатса, осы хатым өздеріңізбен арыздасуым, бақылдасуым болсын.

Баршаныздың да алдарыңызда басымды иемін. Жас күнімде жіберген қателіктерім мен ағат істерім болса, кешіріңіздер.

Осы хатты жазып отырып та алыс қалған алаңсыз да, бақытты күндерім елестейді.

Жоқ, мен өмірімді бекерге қимаймын. Өлсем, жастығымды ала жатамын. Астымда фашистің күлін көкке ұшыратын ұшқыр самолет бар.

Құрметті туған-туыстар, әке, ана! Түн түріліп, таңдағы атып келеді. Қазір әскери тапсырма бойынша әуеге көтерілеміз.

Осымен хатымды аяқтаймын. Аман-сау болыңыздар. Көріскенше». ...Бұл Нүркеннің соңғы хаты.

Тапсырма бойынша Боковская—Понамаревканың ауданындағы (Сталинград маңы) жаудың қорғаныс нысандары мен танктерін жоюға тиіс. Соңғы тапсырмасын орындау үстінде Нүркен 6 танкті қиратып, бірнеше дзоттың, 2 зениттік артиллерияның үнін өшірді. Бұдан кейінгі ұрыстар жалаңдаған жалын мен қою қара түтіннің құшағында жалғасты. Бір сәтте... Нүркен өз самолетінің шайқалақтап кеткенін, артында-ақ отқа бранып, лаулай жөнелгенін аңғарды. Қас-қағым сәтте санасына сан түрлі ой келді. «Прашютлен секірге қайтеді?», «Түтқынға түспек пе?», «Жоқ, ондай ездікке бара алмаспын!». Қасындағы жалғыз серігі—атқыш-радиост Саша Комиссаровқа «Секір!» деп айқайлады. Оның да төуекелі күшті екен, бас тартты. Елім деп еңіреген қос қаһарман жалын құшқан самолетін жаудың күші шоғырланған тұсқа бағыттап, құлай берді...

жамылған қыр үстінде әлдебір мейреу тыныштық орнай қалғандай болды... Жапырақтан ада жаланаш, ағаш көз алдында қыршынынан қиылған қос батырға басын иіп: «Өлімдерің де өр екен, Отанның сүйген оғыландар!» дегендей үнсіз тербеледі...

Сөйтіп, Бағжан ананың батыр ұлы жақын-туыстары мен отандастарының жүрегіне қайғы мен мақтанш сезімін қатар ұялатты, екінші мәңгілік өмірін жалғастырады...

Қос қаһарман және сол ұрыста қаза тапқан 60 жауынгер Боковская станицасының Коньки хуторында жерленді.

Алпысыншы жылдары осы қабірдің басына ескерткіш пен мемориалдық тақта орнатылды.

КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының 1943 жылғы 31 наурыздындағы қаулысымен Нүркен Әбдіровке Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Саша Комиссаров 60-шы жылдары II дәрежелі Отан соғыс орденімен марапатталып, қабыл алатын туыстары болмағандықтан, орден Ростов облысындағы Боковская орта мектебінің мұражайына берілді.

1987 жылы Отан соғысы ардагерлерінің өтініші бойынша, Қарағандыдағы Нүркен ескерткішіне «Н.Әбдіровпен бірге II дәрежелі Отан соғысы орденінің иегері, атқыш-радиост А.Комиссаров та ерлік жасады» деген жазуы бар мемориалдық тақта бекітілді.

Батырлар туралы жазылған Г.Якимовтың «Пике в бессмертие» атты деректі повесі бойынша «Қазақтелефильм» студиясы деректі фильм түсірді.

Бағжан ана—Боковская станицасының құрметті азаматы. 1964 жылы атақты жазушы М.А.Шолохов Вешанская станицасында батырдың анасын кездірісіп, қонақ етті.

Қаһарман жерлесіміз туралы көптеген спектакльдер, балеттер, әндер мен өлеңдер, сондай-ақ қылақалам шеберлерінің туындылары бар. Қарағандыда жыл сайын Н.Әбдіров жұлдесіне республикалық спартакиадалар өткізіледі.

Уақыт та бір зымыран. Ұрпақты-ұрпақ алмастырады. Алайла, Отан үшін, болашақ үшін құрбан болғандардың есімі ұмытылмауы тиіс. Біздер, қазіргі үлкендер жағы сүм соғыстың зардаптары мен сабақтарын өскелең ұрпаққа жеткізе білуіміз керек.

Мақаламды Н.Титовтың Нүркен туралы өлеңімен аяқтағым келеді:

Есімі ердің сақталар,
Қақ жарған қара қалды...
Батыр ұлыңмен әрқашан
Мақтан сен, Қарағанды!

Е.РЕШЕТКИНА,
тарихшы, журналист.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.